



### **Халифа Алтай шығармашылығындағы Ислам құндылықтары**

Қазақ руханиятының елеулі тұлғасы, дін қайраткері, жазушы Халифа Алтай (1917-2003) Қытайдағы Алтай өлкесінің Шінгіл ауданында туған. Сауатын ауыл молдасынан ашқан. 1933 - 1938 жылдары Қытайдағы қуғын-сүргінге байланысты ел-жұрты Баркөл, Гансу, Цинхай аймағына қоныс аударған[1]. Ол 1940 жылы ауылдастарымен бірге Тибет арқылы Үндістанға жол шеккен. Сөйтіп, 1941 жылдың қыркүйек айында Кашмир өлкесіне барып тұрақтаған.

Халифа Алтайдың бұдан кейінгі 12 жыл өмірі Үндістан мен Пәкістанда өткен. Осы жерде арабша және урдуша білім алған. 1951 жылы Пәкістанға көшіп келген қазақтардың қоғамын құруға белсене атсалысып, оның жауапты хатшысы болған. Халифа Алтай 1953-1954 жылдары Пәкістандағы қазақтардың Түркияға көшуін ұйымдастырушылардың бірі.

Түркияға келгеннен кейін Халифа Алтай шығармашылық жұмыстармен айналыса бастаған.

Халифа Алтай 1991 жылы мұсылмандардың ең баға жетпес асыл құндылығы қасиетті – Құран Кәрімді тәпсірлеген. Қазақша мағынасы мен түсінігі Медине қаласындағы патша Фаһдтың Құран Кәрімді басуға арналған баспаханасынан шығып, 800 мың данамен таратылды. Халифа Алтай аударған «Құранның» бұл нұсқасы Қазақстаннан сырт, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Моңғолия, Ресей елдерінде тұратын қазақтардың үлкен рухани байлығына айналды.

Халифа Алтай Ислам дініне байланысты біршама шығармаларды қазақшаға аударып, жұртшылыққа жеткізді. Бұлардың ішінен «Ғылымхал» (Діни қағидалар), «Ғибадатул ислам» (исламның бес парызына байланысты ең қажетті деген мәселелерді қамтыған), «Құтпалар» атты діни кітаптарын ерекше атай кеткен жөн.

Сондай-ақ, 1994 жылы «Таңдаулы хадистер» аудармасы да Алматыда 50 мың данамен жарық көріп, жұртшылық қолына тисе, «Иманшарт» атты шығармасы 1991 жылы Алматыдағы «Сөзстан» баспасынан жеке кітап болып жарық көрді. «Құран әліппесі және иманның шарттары» атты еңбегі де жеке кітап болып, 1989 және 1992 жылдары Ыстамбұлда, 1993 жылы Катарда басылып, Қазақстанға жеткізілді. Кейін бұл шығарма Қазақстанның үлкенді-кішілі әртүрлі баспаларында оншақты рет қайта басылды.

Халифа Алтайдың сүбелі аудармаларының бірі – «Сияри Нәби» (Хазірет пайғамбар Ғалаһиссаламның өмірбаяны) атты кітап. Қазақшаға аударылған бұл кітапты Түркия Республикасының Дін істері басқармасының жәрдемімен Анкарада бастырды. Бұл кітап та халыққа кең тарады.

Кешегі тоталитарлық жүйеге негізделген кеңес үкіметі тұсында халықтың рухани жәдігерлерінен саналатын діни мазмұндағы мұраларды кеңінен насихаттап, таратуға мүмкіндік болмаған еді.

«Осындай қиын кезде Халифа Алтай исламның асыл қазынасы мен қасиетті байлығын халқымыздың санасына жеткізу үшін қажымай-талмай қызмет етті. Атажұрттан алыста жүрсе де қасиетті «Құранкәрімді» қазақ тіліне аударып, өз халқына жеткізуге тырысты. Ислам дініне байланысты өзге де баға жетпес байлықтарды қазақ тіліне аударып, қалың қауымға таратты. Тіпті, Кеңес Одағының тұсында Қазақстанға әлденеше рет келіп, халқымыздың қасиетті ислам дініне деген ынта-ықыласын қайта жаңғыртып сәулелендіруге күш жұмсады. Міне, осы кезден бастап, жұртшылық Халифа Алтайды қазақ халқының арасынан шыққан белгілі тұлға, үлкен дін қайраткері ретінде танып, бағалай бастады» [2].

Діни ағартушы ұстаз Халифа Алтай – ислам дінінің асыл мұраларын халыққа жеткізуде ұшан-теңіз еңбек еткен дін қайраткері.

Ғұлама ғалым Халифа Алтай ұлтқа, халыққа имандылықты, адамгершілікті – Ислам діні арқылы уағыздады. Ислам ілімі арқылы халыққа ізгі амалды адамгершілік қасиеттерді қайырымдылықты, рақымшылықты насихаттады.

Ғалымның еңбектерінің ішіндегі шоқтықты бір туындысы – «Хұтпалар». Имандылықты, әдептілікті қалыптастыруда «Хұтпалалардың» маңызы өте зор.

Ислам дінінің негіздері «Хұтпалар» туралы: «Хұтпа» деген атаудың мағынасы – сөйлеу. «Хатіптің» мағынасы – сөйлеуші деген болады. Хұтпаның тек қана арабша оқылуы арабша білмейтін мұсылмандардың үгіт-насихат алуларына мүмкіндік бере қоймайды. (Басылуы мүмкін болмағандықтан бұл хұтпада дәлел ретінде келтірілген аят және хадистердің тек қана мағынасы беріледі)[1]. Яғни, автордың айтпағы, «оқылған аят, хадистердің мәні, маңызы халық тілінде түсіндірілгені абзал. Бірақ әр адамның аяттар мен хадистердің ұғымын халыққа түсіндіре алу қабілеті бола қоймайтынын ескере отырып», осы «Хұтпа» еңбегін ел кәдесіне жаратпақ мақсат қойғанын айта кетеді.

«Хұтпалар» ішінара мазмұны әртүрлі, тәрбиелік-танымдық мәні жоғары сан алуан тақырыпшаларға бөлінген. Олардың «Аллаһ тағалаға иман келтіру жайлы», «Таухид – Аллаһ Тағаланы бірлеу жайында», «Фатиха сүресінің тілек түріндегі ұғымы», «Толық

мұсылмандық жайлы», «Тәуекел және өзара кеңес жайлы», «Аллаһ Тағаладан қорқу, адамдармен жақсы қарым-қатынас жасау туралы» бөлімшелері өте ерекше, әсерлі.

Ал «Жаман ой, айыптау, жамандау туралы» хұтпада: Аллаһ Тағала 49-сүренің 12-ші аятында «Әй, мүминдер! Күмәннің көбінен сақтаныңдар. Өйткені күмәннің кейбірі күнә. Сыр тексермеңдер, біреуді біреу ғайбаттамасын.

... Расында Аллаһ Тағала тәубені қабыл етуші, ерекше мейірімді», – делінген түрде Аллаһ Тағала біздерге ой жору, ойша баға беруден сақтаныңдар! Әсіресе, біреуге байланысты көз жеткізбей ойша баға бермеңдер. Өйткені мұндай күңгірт күмәндардың көбі өтірік болып, күнәға батырады. Екінші: біреудің айыбын ашып, кемшілігін құрттай қуалап, мінін жарыққа шығаруға тырыспандар. Үшінші: біреуді ғайбаттамаңдар, – дейді. «Ғайбат» деп – біреудің көзіне айтқанда жек көретін қылығын айтып ғайбаттау – яғни, өліктің етін жеуді қандай жек көріп жиренсеңдер, ғайбаттаудан да сондай жиреніп, жоламаңдар, – деген секілді аса жиренішті теңеу беріліп, қатаң тыйым салынған.

Сонымен қатар Алладан қорқып, мұндай жаман мінездерден сақтанып, тәубе еткендерің Аллаһ Тағала тәубесін қабыл алып, мархамет ететіндігі ескертіледі. Және пайғамбарымыз, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл жөнінде: «Мұсылманның айыбын қудалап ашпаңдар. Өйткені біреу мұсылманның айыбын ашса, Аллаһ Тағала үй-ішінде болса да оның айыбын ашып жасытады», – дейді. Және бір хадисте: «Ғайбаттаушы мен естуші күнәға ортақ болады» [1, 273] делінген жолдарды оқыған адам әсерсіз қалмасы анық.

Жазушының сұңғыла білімпаздығына, білімінің терең, ой көзінің зеректігіне бас алмай оқып таңқалдым.

Халқының жайын ойлап, заманалар тоғысуында сүттей таза ұйыған саф ілімді уағыздауына. Өте қарапайым тілмен баяндай отырып ой тереңіне тартады. Ойландырады!

Хазірет Пайғамбарымыз (с.а.с) хадисінде: «Құран – Хаққа апарар тура жол» — деген-тін: «Шын мәнінде Алла Тағала бейнелеріңе, байлықтарыңа көз салмайды. Тек қана жүректеріңе, істегендеріңе қарайды», – дейді.

Ғұлама ғалым Халифа Алтай адамзат қоғамына иман негіздерін, Ислам құндылықтарын уағыздады. Туған елінің рухани-діни кеңістігіндегі имани білімін толықтыруға ерік-жігерін сарқа жұмсады. Дінді құрметтеп қастерлеу керек екендігін сан мәрте ескертіп айтып кетті. Қазақ руханиятына Ислам дініне қатысты сүбелі еңбектерімен бірге «Қазақ түріктерінің шежіресі» (1977 жылы Ыстамбұл) зерттеу еңбегімен, Шығыс Түркістаннан басталған азапты сапар туралы «Естеліктерім», «Атажұрттан Анадольға дейін», Алтай асып, Гималайдан өткен қатерлі де қайғылы қазақ көші туралы «Алтайдан ауған ел» атты өмірбаяндық кітаптарымен де үлес қосып, қайталанбас із қалдыра білді.

Қазақ тарихында халықаралық «Алаш» сыйлығын алғаш иеленген қаламгер, «Түрік әлемінің ғұламасы» атанған ғалым, дін қайраткері Халифа Алтай есімі өзін қадірлеп, құрметтеген халқының жадынан өшпесі хақ..

Еркегүл Арыққара  
Филология ғылымдарының кандидаты

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтай Х. Алтайдан ауған ел. – Астана, 2011. – 280 бет
2. Балғабаев С. Халық құрметтеген Халифа Алтай // Алтын бесік. – 2003, №2.